



18/1-177 01.06.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С. Сейтжанова
2026 ж.

**ӘКІМШІЛІК-БАСҚАРУ ПЕРСОНАЛЫНЫҢ, ПРОФЕССОР-
ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Е 464-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Екінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 464-2026
Әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру туралы ереже		2-ші басылым 13 беттің 2 беті

1.«ОҚМА» АҚ Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы
ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

2. «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңесінің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 464-2026
Әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру туралы ереже		2-ші басылым 13 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	6
4. БІЛКІТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	7
5. ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК	8
6. БІЛКІТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ	9
7. БІЛКІТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ/ ТАҒЫЛЫМДАМАЛАР.....	10
8. БІЛКІТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ.....	11
9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	12

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 464-2026
Әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру туралы ереже		2-ші басылым 13 беттің 4 беті

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Аталған ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленген:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы,
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, 23.11.2015 ж. № 414-V (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен),
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27.07.2007 ж. № 319 (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен),
- Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, 27.12.2019 ж. № 293-VI (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен),
- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрінің 2024 жылғы 05 қаңтардағы №4 бұйрығы (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен),
- «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығы (келесі өзгертулер мен толықтырулармен),
- Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімі № 21847,
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы,
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығы,
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік,
- СТ РК ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар,
- СТ РК 3049-2017. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесі. Пайдалануға қойылатын талаптар мен нұсқаулар (ISO 37001:2016. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесі. Пайдалануға қойылатын талаптар мен нұсқаулар),
- СТ 003-2024. Ұйымдастырушылық құжаттаманы басқару,
- СТ 011-2024. Персоналды басқару,
- СТ 012-2025. Әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру,
- СТ 023-2024. "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		E 464-2026
Әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру туралы ереже		2-ші басылым 13 беттің 5 беті

- Е 303-2026 Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі (2025.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- К 121-2023 академиялық адалдық кодексі;
- Е 507-2026 «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі;
- Е 303- 2026 «ОҚМА» АҚ клиникалық кеңес туралы ереже.

2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта келесі терминдер, анықтамалар, қысқартулар және белгілер пайдаланылады:

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

«ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы»
Акциялық қоғамы,

ҚР ҒжЖБМ - Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім
министрлігі,

ISO - Халықаралық стандарттау ұйымы,

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 464-2026
Әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру туралы ереже		2-ші басылым 13 беттің 6 беті

ӘБП	- әкімшілік-басқару персоналы,
КҚБ	- кадрлық қызмет бөлімі,
ҚжҚКББ	- құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы,
орталығы	
БББ	- білім беру бағдарламасы,
БА	- біліктілікті арттыру,
ПОҚ	- профессор-оқытушылар құрамы,
ОӨО	- оқу-әдістемелік орталық.

3.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Осы ереже "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) әкімшілік-басқарушы персоналының (ӘБП), профессор - оқытушылар құрамының (ПОҚ) және ғылыми қызметкерлерінің (бұдан әрі- қызметкерлер) қызметін реттеуді қамтамасыз ететін құжаттар құрамына кіреді.

3.2.Осы ереже қызметкерлердің біліктілігін арттыруды (БА) ұйымдастыруға жоспарлаудың, іске асырудың бірыңғай тәртібін және негізгі талаптарын белгілейді.

3.3.Біліктілікті арттырудың мақсаты-білім беру процесінің, ғылыми жұмыстың және әкімшілік басқарудың талаптарына сәйкес қызметкерлердің кәсіби дағдылары мен құзыреттерін жетілдіру.

3.4.Біліктілікті арттыру қажеттілігіне қарай, бірақ барлық еңбек қызметі барысында кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі.

3.5.БА еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында, шетелдік, ғылыми орталықтарда, республикалық, медициналық ұйымдарда, білім беру орталықтарында, "ОҚМА" АҚ-да және т.б. өткізілуі мүмкін.

3.6.Біліктілікті арттыру "ОҚМА" АҚ қызметкерінің функционалдық міндеті болып табылады.

3.7.ПОҚ, ӘБП және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру жұмыс берушінің қаражаты немесе оқу шартына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылады.

3.8.Қызметкер жұмыстан босатылған жағдайда оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу шарттарын реттейтін қызметкермен оларды оқыту үшін «Жұмыс берушінің есебінен қызметкерлерді оқыту шарты» жасалады.

3.9.Қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының ұйымдастырылуын және уақытылы өтуін бақылауды кадрлық қызмет бөлімі (КҚБ) жүзеге асырады.

3.10.Кадрлық қызмет бөлімі оқуды аяқтаған қызметкерлерді есепке алуды, сондай-ақ біліктілікті арттыру курстарынан өткенін растайтын барлық

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		
Әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру туралы ереже		
Е 464-2026		
2-ші басылым 13 беттің 7 беті		

қажетті құжаттардың (сертификаттар, куәліктер және т.б.) жинақталуын және сақталуын қамтамасыз етеді.

3.11. Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы (ҚЖҚКББ орталығы) қызметкерлерді оқытуды ұйымдастырады, сонымен қатар кәсіби дағдыларды арттыруға бағытталған іс-шараларды өткізеді.

3.12. ҚЖҚКББ орталығы қызметкерлердің біліктілігін арттырудың жылдық жоспарын (СТ 012-2025) «ОҚМА» АҚ қажеттіліктерін, стратегиялық міндеттерін және білім, ғылым мен басқару саласындағы өзекті талаптарды талдау негізінде әзірлеп, бекітеді.

3.13. ҚЖҚКББ орталығы оқудан өткен әрбір қызметкер бойынша есеп жүргізеді, алынған білім, дағдылар мен жетістіктерін тіркейді.

3.14. ҚЖҚКББ орталығы қызметкерлердің біліктілігін арттыру, оқу бағдарламаларының тиімділігі және жеткен нәтижелері туралы мекеме басшылығы үшін тұрақты есептер жасайды (Ү 464-001-2026).

3.15. ҚЖҚКББ орталығы қызметкерлерді ағымдағы курстар мен тренингтер туралы хабардар етуге, сондай-ақ қызметкерлердің біліктілігін одан әрі арттыру үшін оқу қажеттіліктерін талдауға жауапты.

4. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. ПОҚ біліктілігін арттыру келесі мақсаттарда жүзеге асырылады:

- қазіргі еңбек нарығының талаптарына және заңнамадағы, ғылыми және білім беру тәжірибелеріндегі өзгерістерге сәйкес қызметкерлердің білімі мен дағдыларының өзектілігін қамтамасыз ету;
- өзінің кәсіби саласында тиімді жұмыс істеу үшін қажетті негізгі құзыреттерді дамыту, жұмыс міндеттерін шешуде жауапкершілік пен дербестік деңгейін арттыру;
- еңбек өнімділігін арттыру, ұйымның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін қызметкерлер орындайтын міндеттердің сапасы мен тиімділігін жақсарту;
- қызметкерлердің өзгермелі жұмыс жағдайларына табысты бейімделуін қамтамасыз ету, жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу, сондай-ақ мекеменің ұйымдық құрылымы мен стратегиясындағы өзгерістерге бейімделу;
- ұйым ішінде қызметкерлердің мансаптық өсуі мен алға жылжуы үшін жағдай жасау, жұмысқа деген ынта мен қанағаттанушылықты арттыру.

4.2. «ОҚМА» АҚ ПОҚ біліктілігін жетілдіру келесі міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс:

- қызметкерлерді өз қызмет саласында жаңа біліммен қамтамасыз ету, қазіргі заманғы үрдістер мен технологияларды ескере отырып, ескірген білім мен дағдыларды жаңарту;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 464-2026
Әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру туралы ереже		2-ші басылым 13 беттің 9 беті

5. ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

5.1. Қызметкердің өзінің де, кафедраның/құрылымдық бөлімнің, факультеттің және жалпы «ОҚМА» АҚ-ның мүдделерін ескере отырып, ПОҚ және ӘБП біліктілігін арттыруды жоспарлау және уақтылы дамыту үшін мыналар жауапты:

- жетекшілік ететін проректор;
- кафедра меңгерушісі/құрылымдық бөлім басшысы;
- қызметкерлер.

5.2. Мониторингті (мерзімін, сертификаттың болуын, жыл сайын берілетін ақпаратты) КҚБ жүзеге асырады.

5.3. Біліктілікті арттырудан өту мерзімдері мен формалары:

- ПОҚ үшін кафедра меңгерушілері білім беру бағдарламаларының мазмұнына және оқытылатын пәндер бейініне сәйкес ҚЖҚКББ орталығымен келісе отырып белгілейді;
- ӘБЖ және ғылыми қызметкерлер үшін құрылымдық бөлімшелердің басшылары белгілейді.

5.4. Келесі күнтізбелік жылы біліктілігін арттырудан өтуі қажет қызметкерлердің тізімі кафедра меңгерушілері мен құрылымдық бөлімше басшыларынан берілген өтінімдер ҚЖҚКББ орталығы негізінде қалыптастырылады (012-2025 бап).

5.5. Тұтастай алғанда «ОҚМА» АҚ бойынша қызметкерлердің біліктілігін арттыру жоспары жыл сайын 1 желтоқсанға дейін ҚЖҚКББ орталығы қалыптастырады. Өндірістік қажеттілік кезінде ДК жоспарына толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

5.6. Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

5.7. Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

Өндірістік қажеттілік кезінде БА жоспарына толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

6. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

6.1. Біліктілікті арттыру келесі жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 464-2026
Әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру туралы ереже		2-ші басылым 13 беттің 10 беті

- біліктілікті арттыру курстары (шеберлік-сыныптары, тренингтер, ашық онлайн курстар және т.б.);

- тағылымдама.

6.2.Біліктілікті арттыру.

Біліктілікті жетілдіру оқыту деңгейіне қойылатын талаптардың артуына және білім беру саласындағы кәсіби міндеттерді шешудің заманауи әдістерін меңгеру қажеттілігіне байланысты мамандардың теориялық және практикалық білімдерін жаңартуға бағытталған.

Қызметкерлердің біліктілігін арттыру қажет болған жағдайда қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінің ерекшеліктеріне және біліктілікті жетілдіру бағдарламасына қарай қашықтан оқыту мүмкіндіктерін, оның ішінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

6.3.Тағылымдама.

Тағылымдама теория мен практиканың байланысын нығайту, практикаға-бағытталған курстарды қалыптастыру, тәжірибеде кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру және бекіту мақсатында жүзеге асырылады.

7. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ/ТАҒЫЛЫМДАМАЛАР

Біліктілікті арттыруды ұйымдастыру:

7.1.Бекітілген жоспарға сәйкес «ОҚМА» АҚ қызметкері біліктілікті арттыру мерзімі басталғанға дейін 20 күннен кешіктірмей «ОҚМА» АҚ бірінші басшысының атына біліктілікті арттыруға жіберу туралы өтініш ресімдейді, ректордың визасынан кейін бұйрық шығарылады (СТ 012-2025).

7.2.Біліктілікті жетілдіруді аяқтағаннан кейін қызметкер 5 күн ішінде ҚЖҚББ орталығында біліктілікті арттыру курсы аяқтағаны туралы растау құжатының көшірмесін және тыңдаушының есебін ұсынуы керек (Ү 464-002-2026).

Тағылымдаманы ұйымдастыру және өткізу:

7.3.Тағылымдама қосымша кәсіптік білім беру түрлерінің бірі ретінде біліктілікті арттыру формасы болып табылады. Тағылымдама озық тәжірибені, оның ішінде шетелдік тәжірибені зерделеу, сондай-ақ кәсіби қайта даярлау немесе біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу кезінде алынған теориялық білімдерін бекіту мақсатында жүзеге асырылады: қызметтік міндеттерін орындауда тиімді пайдалану үшін жаңа тәжірибелік дағдылар мен шеберлікті меңгеру үшін.

7.4.«ОҚМА» АҚ профессор-оқытушылар құрамының тағылымдамадан өтуі Қазақстан Республикасының аумағында да, басқа мемлекеттер де жетекші ғылыми-зерттеу институттарында, білім мекемелерінде, медициналық және фармацевтикалық ұйымдарында жүзеге асырылуы мүмкін.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 464-2026
Әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру туралы ереже		2-ші басылым 13 беттің 11 беті

7.5. Шетелдік тағылымдамадан өтетін оқытушы, тағылымдама мерзімі келгенге дейін құжаттарды рәсімдеуге уақтылы ұсынады.

7.6. Тағылымдама біліктілікті арттырудың дербес түрі, сондай-ақ біліктілікті арттыру жөніндегі тапсырманың бөлімдерінің бірі болып табылады.

7.7. Тағылымдама жеке немесе ұжымдық болуы мүмкін.

7.8. Тағылымдама аясында «ОҚМА» АҚ оқытушысы, ғылым мен жоғары білімді дамытуға, жоғары оқу орнын басқару мен ақпараттандыруға, сапа менеджменті жүйесіне, жоо материалдық базасын дамытуға, ғылыми зерттеулерді интеграциялауға, жоғары білімнің заманауи педагогикалық технологияларын арналған семинарларға, конференцияларға немесе симпозиумдарға және т.б. қатыса алады. Нәтижелері бойынша семинарға, конференцияға және т.б. қатысуды растайтын тиісті құжаттарды ұсыну қажет (баяндама, конференция бағдарламасы және т.б.).

7.9. Тағылымдаманың ұзақтығы мен мерзімі ПОҚ біліктілігін жетілдіру бағдарламасына сәйкес белгіленеді.

7.10. Тағылымдамаға жіберу туралы бұйрықты шығару үшін тағылымдама жоспарын орындауға қатысушы тараптардың жазбаша келісімі және тағылымдамаға жіберу туралы өтініш негіз болып табылады.

7.11. Әрбір тыңдаушыға қабылдаушы ұйымның мамандары арасынан жетекші тағайындалады.

7.12. Оқытушының тағылымдама нәтижелері бойынша кафедраға ұсынатын негізгі есеп беру құжаттары болып мыналар табылады:

- қабылдаушы ұйымның мөрімен расталған тағылымдама жетекшісінің пікірі немесе біліктілігін жетілдіру туралы құжат;
- тағылымдамадан өту туралы есеп (Ү 464-002-2026).

7.13. Тағылымдама аяқталғаннан кейін оқытушы кафедра отырысында есеп беру материалдарын (акттер, презентациялар, т.б.) және тағылымдама нәтижелері туралы қорытындыны ұсынып баяндайды. Тағылымдама туралы есеп кафедра отырысында бекітіледі.

7.14. Тағылымдамадан өткеннен кейін қызметкер 5 күн ішінде КҚБ-ға тағылымдамадан өткені туралы растайтын құжаттың көшірмесін және ҚЖҚКББ орталығына есепті ұсынуы тиіс.

7.15. Оқу аяқталғаннан кейін оқытушы біліктілікті арттыру нәтижелері туралы баяндайды, кафедра отырысында осы нәтижелерді тиісті білім беру бағдарламасына және/немесе ғылыми қызметке білім беру және/немесе ғылыми процеске енгізу жөніндегі жоспарды әзірлейді және бекітеді.

8. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

8.1. «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімшелері қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру саласында өзара іс-қимыл жасайды:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 464-2026
Әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру туралы ереже		2-ші басылым 13 беттің 12 беті

- кадрлық қызмет бөлімі - қызметкерлердің біліктілігін арттыру кезеңділігінің сақталуына мониторингті жүзеге асырады және ағымдағы жылы біліктілігін арттыруды қажет ететін адамдардың тізімі бойынша ұсыныстар қалыптастырады;

- стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық басқармасы – біліктілікті жетілдіруді ұйымдастыруды және профессор-оқытушылар құрамының шетелде тағылымдамадан өтуін үйлестіреді;

- қаржы-экономикалық басқару - «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің компьютеріне бөлінген ақшалай қаражатты жоспарлау мен есепке алуды жүзеге асырады.

- құқықтық қамтамасыз ету бөлімі – жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмыскерді оқыту туралы шарт жасау бойынша, жұмыскер жұмыстан босатылған жағдайда оқуға жұмсалған шығындарды өтеу шарттарын реттейтін жұмысты жүзеге асырады.

- ҚжҚКББ орталығы қосымша және формальды емес білім беру бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырады.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1.Осы Ережені, ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Ғылыми Кеңес қабылдайды және оны «ОҚМА» АҚ ректоры бекітеді және қолданысқа енгізіледі.

9.2.Осы Ереже «ОҚМА» АҚ қызметкерлерімен танысу / жұмыс істеу және оларды орындау үшін ресми сайтқа (<https://skma.edu.kz/>) орналастырылсын.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 464-2026
Әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру туралы ереже		2-ші басылым 13 беттің 13 беті

Әзірлеген:

Қызметі	Т.А.Ж.
Құзыреттілік және қосымша кәсіптік білім беру орталығының басшысы	Кенесова К.Ж.

Тексерген:

Қызметі	Т.А.Ж.
Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі	Елеусизова Г.Л.
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.

Келісілген:

Қызметі	Т.А.Ж.
Клиникалық жұмыс жөніндегі проректор	Нурмашев Б.К.
Комплаенс офицер	Пернебаев Н.А.